

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ
7 - қазан, 2022 ж.

Астана, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI
ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: БАСЫМДЫҚТАР
МЕН ІЗДЕНІСТЕР» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-
практикалық конференция материалдарының**

ЖИНАҒЫ

7 - қазан, 2022 ж.

СБОРНИК

**материалов Международной научно-практической конференции
«ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В XXI ВЕКЕ: ПРИОРИТЕТЫ И
ПОИСКИ» посвященная памяти профессора А.А.Молдажановой
7-октября, 2022 г.**

COLLECTION

**Collection materials of the International scientific and practical Conference
«PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE XXI CENTURY: PRIORITIES AND
SEARCHES» dedicated to the memory of professor A.A.Moldazhanova**

October -7, 2022 y.

Астана, 2022

ӘӨЖ 37.0
ББК 74.00
П 82

Редакция алқасы:

Ж.Д.Курманғалиева - Басқарма мүшесі - Ғылым, коммерциаландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Б.П.Сейітқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** - п.ғ.к., доцент; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Махадиева А.К** - PhD., **Балтабаева Ж.Б.** - магистр, **Қуатов А.К.** - магистр.

ISBN 978-601-337-713-1

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Профессор А.А.Молдажанова және қазақстандық білім беру жүйесінің дамуы», «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаны жүзеге асыру - Жаңа Қазақстанды дамытудағы басым бағыт», «Білім берудің ғаламдық мәселелерін шешуде адами ресурстардың бірігуі» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -587 бет.

ӘӨЖ 37.0
ББК 74.00
П 82

ISBN 978-601-337-713-1

«Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

@Астана, 2022

5. Алябьева Е.А. Нравственно-этические беседы и игры с дошкольниками. М., 2003

6. Блинова Л.Ф. Социально-личностное развитие детей старшего дошкольного возраста. Казань., 2007

7. Данилина Т.А., Степина Н.М. Социальное партнерство педагогов, детей и родителей. М., 2004.

ӘОЖ 378.1

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕДИАБІЛІМНІҢ РӨЛІ

Сейітказы Перизат Байтешқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы

Ырымбаева Н.А.

Л.Н.Гумилев Еуразия ұлттық университетінің педагогика және
психология ББ-ның 1 курс докторанты

Бүгінгі әлемдік жаһандану қоғам дамуының барлық тұстарына өзіндік әсерін тигізе отырып, ел экономикасының негізі – адами капитал екенін айқындады.

Заман ағымына сай мәдениетті, рухани-адамгершілігі мол, сыни ойлайтын, өздігінен ізденіп, шығармашыл шешім қабылдай алатын, кез келген ортада бейімделгіш, білім, білік, дағдысы мен кәсіби құзыретті тұлға қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабы. Осы орайда еліміздегі білім беру жүйесіндегі модернизацияға, оқытудың жаңа түрлері мен трендтеріне, педагогикалық мамандықтар мен педагог мәртебесіне, білім берудегі интернационалдандыруға, трансұлтандыруға, компьютерлендіруге, ақпараттандыруға, цифрландыруға, гуманизациялаумен гуманитаризациялауға, үздіксіз білім беру, инклюзивті және дуалді оқытуға үлкен мән берілуде.

Қазіргі бәсекеге қабілетті тұлға заманауи инновацияларды игеруімен, қарқынды даму үстіндегі әлемдік сұраныстар мен талаптарға жылдам бейімделуімен анықталады.

2020 жылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында [1] цифрландыру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы деп айтылған болатын. Жолдауда халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру және барлық аймақтарда интернет желісімен қамтамасыз етілудің маңыздылығы қаралды. Сонымен қатар жолдауда үдерістерді цифрландыру, адамдардың орнына «ақпарат жүгіру» керек екендігі, IT-саласын жетілдіру, ақпараттық технологиялар нарығын дамыту туралы айтылған болатын.

Халықтың цифрлық сауаттылығы мен интернеттің қолжетімділігі масс-медия арқылы дамыған шет елдердің тәжірибелерімен танысуға және меңгеруге, олардың ең озық жетістіктерін өзімізде қолданысқа енгізуге мүмкіндік тудырады. Меңгерілетін ақпараттың еліміздің көркейуіне және білім

беру саласының дамуына әсері, білімгерлердің медиабілімі мен медиасауаттылығының болуын қажет етеді.

Ақпаратпен сауатты жұмыс істей білу, медиақұзыретті болу қазіргі заманда бәсекеге қабілетті болуға өз әсерін тигізеді.

Жаңа ақпараттық технологиялардың белсенді дамуы тұсында халықтың басым көпшілігі, әсіресе жастар қауымы кез келген ақпаратты, жаңа білім көздерін интернет арқылы іздеп, сұрақтарының жауабын сол жерден табатыны белгілі. Осы орайда жастардың медиасауатты болуы, медиабілімі, медиақұзыретті болуы өзекті болып табылады.

Медиа термині (латын тілінде «media», «medium» – құрал, тасымалдаушы) ХХ ғасырда «бұқаралық мәдениет» құбылысын анықтап көрсету үшін енгізілген [2]. Сонғы жылдары медиа ұғымы БАҚ түсінігін алмастыра алатын термин ретінде қолданылып жүр.

Медиабілім (ағылшын тілінде media – ақпарат құралы, education - білім) – бұқаралық коммуникацияның заңдылықтарын (пресса, теледидар, радио, кино, видео және т.б.) зерттейтін педагогикадағы бағыт. Медиабілім берудің негізгі міндеттері: келешек ұрпақты қазіргі ақпараттық жағдайлар өміріне дайындау, әр түрлі ақпаратты қабылдау, қабылданған ақпаратты адамның түсінуіне үйрету, оның психикаға әсерінің салдарын түсіну, техникалық құралдардың көмегімен қарым-қатынастың вербалды емес формаларына негізделген қарым-қатынас тәсілдерін меңгеру [3].

ЮНЕСКО-ның материалдарында «Медиабілім беру» – демократияны қолдауға ықпал ететін кез келген елдің әрбір азаматының сөз және ақпарат бостандығының негізгі құқығының бөлігі болып табылады. Медиабілім-бұқаралық коммуникация құралдарын меңгерудің теориялық және практикалық біліктерін меңгеруге үйретуге бағытталған жалпы педагогикалық білімнің бөлігі. Медиабілім беруді барлық мемлекеттердің ұлттық оқу бағдарламаларына енгізу ұсынылады [4].

Медиасауаттылық ұғымы медиабілімнің баламасы ретінде қолданылып, ақпараттың әр түрін қабылдау, анализдеу, өңдеу мүмкіндігі. Сонымен қатар медиасауаттылық ақпаратты ақылға қонымды қабылдауға мүмкіндік беретін білім, білік және дағдының жиынтығы. Яғни, жақсы мен жаманды, сынды, жағымды ақпарат пен жағымсыз ақпаратты ажырата білудегі сауаттылық.

Әйгілі канадалық әлеуметтанушы Г. Маклюэн білім берудегі қазіргі мәселелерді талдай келе «Шынайы сауатты болу үшін, медиа әлемінде сауатты болу керек» деп тұжырымдаған болатын.

Медиақұзыреттілік - БАҚ мәтіндері мен Интернет материалдарын, саналы қабылдау, сыни талдау, таңдау, баға беру негізінде қолдануына ықпал ететін, нәтижесінде медианы пайдалануға деген ақылға салынған, салмақты мотивтерді, ақпараттық қауіпсіздікті, психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ететін білімдер, біліктер, дағдылар, қасиет - сапалар жиынтығы [5].

Қазіргі уақытта тұлғаның бойында талпыныс, өз өмірін өзгертуге деген құлшыныс, ізденушілік болса, ол масс-медиа арқылы тұлғалық өсуін, кәсіби дамуын, құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндігіне ие. Өздігінен іздену,

өздігінен даму, қоғамда өз орнын таба білу, өзіндік «Менін» қалыптасуына да медиабілімнің рөлі бар.

Іздену барысында медиабілімді басшылыққа ала отырып, ақпараттық технологияларды, ақпараттық теледидарды, радио, видео, кино, баспа, Интернетті қолдану арқылы өмір бойы оқуға немесе үздіксіз білім алуға мүмкіндік туды. Осы орайда ҚР Үкіметінің 2021 жылғы бекіткен «Өмір бойы оқу» (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасының маңызы зор. Бұл тұжырымдаманы әзірлеу туралы Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауында «Азаматтардың сауаттылық деңгейі мен олардың цифрлық білімін арттыру мақсатында Үкіметке үздіксіз білім беру тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырамын. Бұл құжатта бейресми білімнің баламалы нұсқаларын белсенді енгізуді, өзіндік оқудың нәтижесін мойындауды, кәсіби дағдыларды сертификаттауды қарастыру керек», -деп айтқан болатын.

Іске асыру мерзімі 2021 – 2025 жылдарды қамтитын «Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру)» тұжырымдамасында әр жас кезеңіндегі тұрғындарға формалды, формалды емес білім беруді интеграциялау және информалды білім алу, ЖОО-да «Күміс университет» бағдарламасын іске асыру, формалды емес білім беру нәтижелерін тану және академиялық кредиттер (банк) жинау, азаматтардың цифрлық құзыреттерін арттыру, NEET жастар өкілдерін тарта отырып, комьюнити-орталықтардың насихаттау жұмысы үшін бастамашыл топтардың қызметін ұйымдастыру жұмыстары қамтылған.

Үздіксіз білім берудің мақсаты – білім берудің жаңа түріне инвестиция болатын адами капиталды дамыту. Бәсекеге қабілетті адами капитал медиабілімді болуы маңызды екені анық.

Қазіргі таңда елімізде жалпы үздіксіз білім берудің құрылымы келесі бағыттарда қаралған:

-Өмір бойы оқу-адам өмірінің ұзақтығымен сәйкес келетін, өмірінің жолында білім, білік және дағдысын толықтырып, жаңғыртып отыратын оқу түрі;

-Ересектерді оқыту немесе көлденең үйлестіре оқыту - тұлғаның кәсіптік қызметтің кез келген сатысында және кез келген білім деңгейі негізінде біліктілігін арттыру мүмкіндігі және тек кәсіби алған білімі ғана емес, өзінің қызығушылығы бойынша да оқуы;

-Үздіксіз кәсіби оқу немесе вертикалды интеграция - еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатындағы кәсіптік білім берудің сатылары мен деңгейлері бойынша: білікті жұмысшы – орта буын маманы – бакалавр – магистр және PhD докторы, постдокторантура схемасы бойынша тұлғаның саналы түрде білімін дамытуы және интеллектуалды дамуы.

«Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру)» тұжырымдамасы бойынша үздіксіз білім берудің түрлері келесідей болып бөлінеді:

➤ Формалды білім беру «мектеп-колледж-ЖОО» циклі шеңберінде пәндер, атап айтқанда, жалпы білім беретін пәндер мазмұнының

интеграциясын айқындау, сондай-ақ оқу-тәрбие үдерісін толассыз стандарттау, жоспарлау және ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

➤ Формалды емес білім формалды білім беру бағдарламаларының бөлігі болып табылмайтын ұйымдастырылған оқыту түрлерін қамтиды. Атап айтқанда, біліктілікті арттыру, кәсіптік қайта даярлау бағдарламалары, кәсіптік оқыту бағдарламалары, курстар, дәрістер, семинарлар мен тренингтер, оның ішінде онлайн режимінде өткізілетіндері кіреді. Формалды емес білім беру нәтижелерін тануды білім беру ұйымдары оқытудың жеке траекториясын қалыптастыру мүмкіндігі ретінде жүзеге асырады.

➤ Информалды (өздігінен білім алу) білім беру – бұл адам өзі жүзеге асыратын оқу, бұл ретте оқу нәтижесін көрсететін құжат берілмейді. [6].

Қазіргі жаһандық өзгерістер кезінде жастар тек оқу орнында алған кәсіби білімімен шектеліп қана қоймай, қосымша іздену, білімін тереңдете түсу заман талабына айналуға. Оған индивидуалды танымдық іс-әрекет, қызықтырған-ойландырған сұрақтардың жауаптарын өздігінен іздену, әр түрлі жанрдағы әдебиетті оқу, мәдени мекемелерге барып рухани жан-дүниесін байыту, т.б. жатқызуға болады.

Жастарды қолдау, олардың білімділігі мен бәсекеге қабілетті болуының маңыздылығы туралы Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына Жолдауының «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» атты үшінші бағдарында айтқан болатын.

Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Қуатты ұлттың дінгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек. Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды. Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек [7].

Осылайша мемлекет тарапынан жастарға қолдау көрсетіліп тұрған тұста, білім алушы жастардың білімдерін формалды, формалды емес, өздігінен ізденіп, информалды білім алу арқылы құзіретті кәсіби маман болуларына барлық жағдай жасалған. Қазіргі таңдағы медиа құралдар арқылы білімімді толықтырамын немесе қызығушылығым бойынша жаңа білім алағым келеді деген жастарға мүмкіндік көп. Жастардың бойында қызығушылық, талпыныс, ізденімпаздық пен медиабілім, медиасауаттылық болса, үздіксіз (өмір бойы) білім алу арқылы үлкен белестерден өтіп, биік шыңдарға жетуге мүмкіндік туады.

Қорытындылай келе, тәрбиелі, білім, білік, дағдысы ұштасқан, кәсіби сауатты, медиақұзіретті жастарды қалыптастыру, Егемен еліміздің жарқын болашағының кепілі болады деген ойдамыз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауы (1.09.2020) // https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy (10.09.2020).
2. Федоров А.В. Словарь терминов по медиаобразованию, медиапедагогике, медиаграмотности, медиакомпетентности. – Таганрог, 2010. – 64 с.
3. Российская педагогическая энциклопедия, 1993, с.555
4. The Seville Recommendation UNESCO, 2002.
5. <https://www.kaznpu.kz/docs/doctoranti/gulsara/2.2.2022.pdf>
6. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000471>
7. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>

УДК 314.748

ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОДДЕРЖКИ ДЕТЕЙ-МИГРАНТОВ В КАЗАХСТАНЕ

Тілеужан Айдана Бауыржанқызы

Магистрант ОП “Педагогика и психология”

Научный руководитель: д.п.н, доцент **Уразбаева Г.Т.**

Евразийский национальный университет им.Гумилева, Астана

Миграционная политика Казахстана формируется исходя из комплекса нормативно-правовых документов, в первую очередь, это Конституция Республики Казахстан, а также Законы «Об иммиграции» и «О гражданстве Республики Казахстан», кроме того, ряд Указов Президента Республики Казахстан «О правовом положении иностранных граждан в Республике Казахстан», «О порядке предоставления политического убежища иностранным гражданам и лицам без гражданства в Республики. К началу 2022 года численность населения Казахстана достигла 19 245 550 человек, что на 76 243 человека больше, чем на 1 января 2021 года. г. За 30 лет новейшей истории Казахстана отток населения был более преобладающим в стране. Чистая иммиграция за 2008-2011 гг. увеличила население Казахстана почти на 30 тыс. человек, в 2012 г. численность эмигрантов превысила численность иммигрантов, а чистая эмиграция с тех пор растет все более высокими темпами, несмотря на 4-5% реального годового прироста ВВП, следовательно, крайне негативные ожидания относительно экономических перспектив на 2020-2021 годы дают основания ожидать дальнейшего увеличения чистой эмиграции населения Казахстана. Иммиграция этнических казахов (оралманов) является одним из важнейших факторов, значительно сокративших чистую эмиграцию.